

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №1 МЕКТЕП -
ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА – ЛИЦЕЙ № 1 ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КОСТАНАЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

26.09.2022 жыл

№ 388

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022 жылдың 3-ші тоқсанында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицей» КММ 2022 жылы 26 қыркүйектен 30 қыркүйек аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін;
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмысшылар тобының құрамы бекітілсін (№1 қосымша);
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



С. Шарипова

С. Шарипова

**2022 жылдың 3-ші тоқсанында шілде-қыркүйек айларына арналған
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп - лицейі» КММ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама**

2022- жылы 3-ші тоқсанда Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 26.09.2022 жылғы №388 бұйрық негізінде 2022 жылы 26 қыркүйектен 30 қыркүйек мерзімі аралығында жүргізілді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ (бұдан әрі – №1 МЛ) жұмыс тобы құрамында: директор орынбасары К.М.Бертазина, бухгалтер Е.Н. Самсонова және кадрлар жөніндегі менеджер А.С.Дробышева №1 МЛ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес, «2022 жылдың 3-ші тоқсанында (шілде-қыркүйек айларында) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 26.09.2022 жылғы №388 мектептің бұйрығын орындау барысында жүргізілді.

№1 МЛ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және №1 мектеп-лицейдің Жарғысын басшылыққа алады.

I. Нормативтік құқықтық құжаттар мен құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. №1 МЛ құрылымы мыналардан тұрады:

- 1) Әкімшілік;
- 2) Кадрлық жұмыстар және іс жүргізу;
- 3) Қаржылық бөлім (бухгалтерия (есеп бөлімі), мемлекеттік сатып алу);
- 4) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
- 5) Техникалық-шаруашылық бөлім.

2. Талдау барысында №1 МЛ Жарғысы, білім беру ұйымының жұмысын реттейтін ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. №1 МЛ жұмысына талдау жасау барысында нормативтік - құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларында сәйкессіздік анықталған жоқ.

2. Ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау көрсеткендей, мектепте персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады: ҚР Еңбек кодексі, «Білім туралы» ҚР Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, сондай-ақ, өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық

актілер. Талдау жүргізу кезінде мектеп қызметкерлерінің нақты саны 127 адамды, соның ішінде 11 адам декреттік демалыста, техникалық қызметкерлер – 42 адамды құрайды.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде біліктілікті арттыру курстары арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіледі - 15 педагог.

Талдау жасау аралығында 13 қызметкер жұмыста босатылды: ҚР Еңбек кодексінің 49-бабының 5) тармақшасына сәйкес қызметкердің ықыласына байланысты 10 адам, ҚР Еңбек кодексінің 49-бабының 2) тармақшасына сәйкес еңбек шартының әрекет ету мерзімінің аяқталуына байланысты 2 адам.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкер 1 адам.

Осылайша, 2022 жылғы шілде – қыркүйек аралығында кадрлар ауысымы 7,6% құрайды.

2022 жылы шілде-қыркүйек айларында 10 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Жанадан келген педагогтар мен қызметкерлерді қабылдау кезінде №1 мектеп-лицейдің кадр қызметінің сұрау салуы арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (ҚСЖАЕК) құқықтық жүйесінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың, бұрын-соңды сотталу фактілерінің бар-жоғын тексеру уақтылы жүзеге асырылады.

Шілде-қыркүйек айларында бос жұмыс орындары 4, өтінімдер «Еңбек» электрондық еңбек биржасында орналастырылған.

Талданып отырған кезеңде тәртіптік жаза қолданылған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 12-бабының талаптарын сақтау мақсатында лауазымды тұлғалар мен мектеп ұжымымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңымен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау бойынша шаралар қабылданды:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт 07.09.2020 жылғы № 200 бұйрықпен қабылданды және бекітілді.

Мектептің 07.09.2020 жылғы №201 бұйрығымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттер жүктелді, осы оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл міндеттерін орындауды жалғастыруда.

Мектеп әкімшілігінің мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге қол қойды.

Қорытынды: талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мен қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

2.2. Мүдделер қақтығысы

№1 МЛ қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысы орын алуына, кадрлардың ауысу себептеріне, қызметкерлердің жұмыстан босатылуына, сондай-ақ мектептің кадр саясатының өзге де мәселелеріне талдау жүргізілді. Жанжалды мүдделер анықталған жоқ.

Әкімшілікте жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге жұмыс істеу фактілері жоқ.

2022 жылдың 3-ші тоқсанында қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

2.3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

- Мектепшілік бақылауды жүзеге асыру аясында мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жөнінде сұрақтар қарастырылуда.

- «Ақша қаражатты жинауға тыйым салу туралы» 07.09.2022 жылғы № 349 бұйрықты басып шығару.

Мектептің бірінші қабатында «Мемлекеттік қызмет» көрсету бойынша ақпараттық қабырға ұйымдастырылды және жұмыс істеуде. Мектептің ресми сайтында ата-аналардың Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызметтер бойынша анықталған артық құжаттар (мекенжай анықтамасы, ата-ананың жеке куәлігі, жұмыс орнынан анықтама және т.б.) жоқ.

2.4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ жүзеге асырмайды, рұқсат беру функцияларын іске асырмайды..

2.5. Бақылау функцияларын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ жүзеге асырмайды.

2.6. №1 МЛ ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

2.6.1. № 1 мектеп-лицейге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері. №1 МЛ азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Осы бағыт бойынша жұмыстың жағдайына, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарауды қамтамасыз етуге талдау жүргізілді, бақылауды арттыру, өтініштерді белгіленген мерзімдерді бұза отырып қарауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

2022 жылдың шілде-қыркүйек айларында оқу-тәрбие үрдісінің сұрақтары бойынша азаматтар тарапынан ауызша 0 және жазбаша 0 өтініш келіп түсті. Жауаптар уақытылы берілді.

2022 жылдың шілде-қыркүйек аралығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын орындауға байланысты №1 МЛ басшылығы мен қызметкерлерінің әрекеттеріне катысты азаматтар тарапынан ауызша және жазбаша өтініштер түскен жоқ.

Е- Өтініш жүгінген азаматтар – 0.

Жеке тұлғалар тарапынан 71 өтініш келіп түсті:

- балалардың мектепте оқитыны жайында анықтама беру сұрақтары бойынша-64;

– оқушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру-7.

Барлық сұраныстар бойынша уақытылы жауаптар берілді.

2.6.2. Мемлекеттік сатып алулар.

№1 МЛ сайтында мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы арнайы бөлімнің жұмысы қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын мектеп сайтында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Қазіргі уақытта барлығы 22 (жиырма екі) шарт жасалды.

2.6.3 Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің 25.08.2021 жылғы №36 қаулысының негізінде мектепте ұжым жұмысының алгоритмінің талаптары қатаң орындалады. Ағымдағы оқу жылының басында және ағымды оқу жылы аралығында мектеп жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, антисептикалық және зарарсыздандыру құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Қажетті құралдардың айлық қорының болуы тұрақты бақылауда.

Мектеп сайтында Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпарат үнемі жаңартылып отырады, Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы сәйкес келмейтін сенімсіз ақпараттар қамтылған құжаттарды ұсынған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау үшін №1 МЛ мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы, Мемлекеттік қызметтер стандарттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету қажет. Қызмет алушылар тарапынан наразылық болған жоқ мен шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылуы тіркелген жоқ.

2.6.4. Мектеп қызметіндегі жариялылық пен ашықтық деңгейі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 4-бабы 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық және ашықтық қағидаты болып табылады. №1 МЛ осы бағытта мектеп-лицей сайтында, әлеуметтік желілерде, «Instagram (Инстаграм)», WhatsApp желісіндегі сыныптың ата-аналар топтарында, мектеп ғимарат қабырғасында болып жатқан өзекті ақпаратты уақытылы жариялау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру және оның жұмысы – оқушылардың құқықтарының сақталуына, сондай-ақ, қайырымдылық көмек түрінде түскен ақшалай қаражатын жұмсалудың қоғамдық бақылау жасайтын және оның мақсатты жұмсалуды жөнінде шешім қабылдайды. Демеушілерді тарту, білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және өзге де іс-шараларды өткізуге көмек көрсету, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін ата-аналардан ақша жинау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алғышарттары болмайды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз уәкілеттілігін орындау өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың Үлгілік Қағидалары негізінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жоспарлы отырыстары тоқсанына 1 рет өткізіледі.

Ұсынымдар:

1. №1 МЛ педагогикалық қызметкерлері мен техникалық қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, педагогикалық этиканы қатаң сақтауға міндетті;
2. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, мектеп қызметкерлерімен, ата-аналар қауымдастығы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет;
4. Алаяқтық фактілері анықталған жағдайда тиісті органдарға дереу хабарлау қажет.
5. Мектеп қызметіне арналған іс-шаралардың уақтылы жариялануын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу сұрақтары бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептерді, мектеп сайтында және әлеуметтік беттерде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша бейнероликтердің орналастыруды бақылауда ұстау;

6. Кадрлар жөніндегі жауапты тұлға А.С.Дробышева ББ (білім бөлімінің) кадрлық қызметіне сауал жолдау арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (ҚСЖАЕК) құқықтық жүйесінде жаңадан келген педагогтарда әкімшілік құқық бұзушылықтар, бұрын-сонды сотталу фактілерінің болуына тексеру жүргізу қажет;

7. Мектеп әкімшілігі мен қызметкерлеріне ақшалай қаражат жинауға, материалдық сыйақы, кез келген бағалы сыйлықтар немесе қызметтер алуға жол берілмейді.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша: педагогтармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Жұмыс тобы:

директордың ТІ жөніндегі орынбасары

бухгалтер

кадрлар жөніндегі менеджер

К.М.Бертазина
Е.Н.Самсонова
А.С.Дробышева

К.М.Бертазина

Е.Н.Самсонова

А.С.Дробышева

Қостанай облысы әкімдігі

білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№1 мектеп - лицейі» КММ

директоры



С. Шарипова

*«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу туралы»
26.09.2022 жылғы №388 бұйрыққа қосымша*

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша
жұмысшылар тобының құрамы**

Директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазина,
бухгалтер Е.Н.Самсонова,
кадрлар жөніндегі менеджер А.С.Дробышева.

жемқорлыққа қарсы және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша бейнероликтердің орналастыруды бақылауда ұстау;

6. Кадрлар жөніндегі жауапты тұлға А.С.Дробышева ББ (білім бөлімінің) кадрлық қызметіне сауал жолдау арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің (ҚСЖАЕК) құқықтық жүйесінде жаңадан келген педагогтарда әкімшілік құқық бұзушылықтар, бұрын-сонды сотталу фактілерінің болуына тексеру жүргізу қажет;

7. Мектеп әкімшілігі мен қызметкерлеріне ақшалай қаражат жинауға, материалдық сыйақы, кез келген бағалы сыйлықтар немесе қызметтер алуға жол берілмейді.

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша: педагогтармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Жұмыс тобы:

директордың ТІ жөніндегі орынбасары

бухгалтер

кадрлар жөніндегі менеджер

К.М.Бертазина
Е.Н.Самсонова
А.С.Дробышева

К.М.Бертазина

Е.Н.Самсонова

А.С.Дробышева

Қостанай облысы әкімдігі

білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№1 мектеп - лицейі» КММ

директоры



С. Шарипова